

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 мамырдағы N 363 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер (бұдан әрі - мамандандырылған кеңестер) құрылсын :

- 1) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен;
- 2) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен;
- 3) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.03.25 N 399 Қаулысымен;
- 4) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.21 N 1080 Қаулысымен;
- 5) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) мамандандырылған кеңестер туралы ереже;
- 2) мамандандырылған кеңестердің құрамдары;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7                      ж ы л ғ ы                      7                      м а м ы р д а ғ ы

N                      3 6 3                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер туралы ереже 1.

### Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер (бұдан әрі - кеңестер) Қазақстан Республикасы Үкіметінің

жанындағы консультативтік-кеңесші органдар болып табылады.

2. Кеңестер Үкіметтің шешімі бойынша ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді (бұдан әрі – қоғамдар) басқару жөніндегі қызметті үйлестіру үшін қ ұ р ы л а д ы .

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.21 N 1573 Қаулысымен**

3. Кеңестер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Кеңестердің міндеттері**

4. Кеңестердің міндеттері:

1) қоғамдарды басқару мен дамытудың негіз қалаушы мәселелері бойынша ұ с ы н ы м д а р ә з і р л е у ;

2) қоғамдардың мақсаттар мен қаржылық нәтижелерге қол жеткізуі жөніндегі қызметіне бағалау жүргізу болып табылады.

5. Кеңестер міндеттерді шешу үшін:

1) коммерциялық және коммерциялық емеске бөліп, басты стратегиялық мақсаттарды, коммерциялық және коммерциялық емес мақсаттар арасындағы т е ң г е р і м д і а й қ ы н д а у ;

2) маңызды салалық бастамалар мен міндеттер;

3) қорытылған тиімділік көрсеткіштері мен рентабельділік коэффициенттер;

4) дивидендтер төлеу деңгейі, қоғамдардың таза кірісін бөлу және қайта и н в е с т и ц и я л а у ;

5) инвестициялық жобаларды іске асыру үшін бағыттталатын қаржы қаражатының орта мерзімді (үш жыл) көлемі;

6) қоғамдардың басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жөніндегі мәселелерді қарайды.

## **3. Кеңестердің құқықтары**

6. Кеңестер өздеріне жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті материалдар мен ақпаратты сұратуға;

2) кеңестердің отырысына мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін шақыруға және қаралатын мәселелер бойынша тыңдауға;

3) қажеттілігіне қарай қоғамдарды басқарудың проблемалық мәселелерін талдау және зерделеу үшін мамандарды, сарапшылар мен ғалымдарды тартуға құқылы.

#### 4. Кеңестердің қызметін ұйымдастыру

7. Кеңестерді төраға - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі немесе оның орынбасары басқарады. Кеңестердің төрағасы:

- 1) кеңестердің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 2) кеңестер отырыстарының Жоспар-кестесін бекітеді;
- 3) қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды аяқтайды;
- 4) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын үйлестіреді;
- 5) кеңестер шешімдерінің жүзеге асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған уақытта оның функциясын орынбасары орындайды.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.24 N 829 Қаулысымен**

8. Кеңестердің хатшылары:

- 1) кеңестер отырыстарының күн тәртібі бойынша материалдар дайындайды;
- 2) ай сайын хаттамалық шешімдердің орындалуына талдау жүргізеді;
- 3) кеңестер төрағасының немесе оның орынбасарының келісімі бойынша кеңестердің отырыстарына шақырылған адамдардың тізімін бекітеді;
- 4) кеңестер мүшелері мен шақырылған адамдарға кеңестер отырыстарының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлайды;
- 5) отырыстар хаттамасын ресімдейді.

9. Кеңестер отырыстарының Жоспар-кестесіне сәйкес отырыстар өткізіледі. Қажет болған жағдайда жоспардан тыс отырыстар өткізілуі мүмкін.

10. Тиісті қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар кеңестердің жұмыс органдары болып табылады.

11. Қаралатын мәселе құзыретіне жататын мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар кеңеске дейін тоғыз күн бұрын материалдарды кеңестердің жұмыс органдарына енгізеді.

Кеңестерге материалдардың сапалы дайындалуы мен уақтылы ұсынылуына жауапкершілік мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

12. Жұмыс органдары кеңеске дейін бес күнтізбелік күннен кешіктірмей материалдарды кеңестер төрағасымен және оның орынбасарымен келісу үшін оларды кеңестердің хатшыларына ұсынады.

13. Кеңестер отырыстарының материалдары отырысты өткізу тәртібін, қаралатын мәселенің жай-күйі туралы анықтаманы, проблемалық мәселелер мен оларды шешудің ұсынылатын жолдарын, кеңестер отырыстары хаттамасының жобасын қамтуы тиіс.

14. Жұмыс органдары осы кеңесте төрағалық етушідегі хаттамаға қол қойылғаннан кейін тиісті адресаттарға жіберуді қамтамасыз етеді және оның орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

15. Кеңестердің отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде бір айда кемінде бір рет өткізіледі.

16. Жұмыс органдары Кеңестер туралы ережеде айқындалған кеңестердің қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

17. Отырыстардың күн тәртібі өзіне кеңестер отырыстарының кеңестерде қаралатын мәселелер тізбесін қамтитын жыл сайынғы жоспар-кестелеріне сәйкес қалыптастырылады.

18. Кеңестер отырыстарының жоспар-кестелерін жұмыс органдары қалыптастырады және кеңес төрағасының бекітуі үшін кеңестердің хатшыларына ұсынылады.

19. Кеңестер отырыстарын өткізу уақыты мен орнын кеңестер төрағасы белгілейді.

20. Отырыстардың күн тәртіптерін кеңестердің хатшылары кеңестердің мүшелеріне, сондай-ақ өзге де мүдделі адамдарға жібереді.

21. Отырыстар күн тәртіптерінің әрбір мәселесі бойынша шешімдер кеңестердің қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беріп қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда кеңестер төрағасының даусы шешуші болып табылады.

22. Кеңестердің шешімдері хаттамалармен ресімделеді. Отырыстар хаттамаларын хатшылар дайындайды және оған кеңестердің отырысқа қатысушы барлық мүшелері қол қояды.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол жазбаша түрде жазылуға және хаттамаларға қоса берілуге тиіс.

## **5. Кеңестердің қызметін тоқтату**

23. Кеңестер өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 7 мамырдағы  
N 363 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Самұрық"  
мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық  
холдингі" акционерлік қоғамын дамыту мәселелері жөніндегі  
мамандандырылған кеңестің құрамы**

**Ескерту. Құрам алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 7 мамырдағы  
N 363 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
"Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамын дамыту  
мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестің құрамы

Ескерту. Құрам алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 7 мамырдағы  
N 363 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
"ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамын дамыту  
мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестің құрамы

Ескерту. Құрам алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.03.25 N 399 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 7 мамырдағы  
N 363 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Самғау"  
ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" акционерлік қоғамын  
дамыту мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестің  
құрамы

Ескерту. Құрам алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.21 N 1080 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 7 мамырдағы  
N 363 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
элеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту  
мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестің  
құрамы

Ескерту. Құрам алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12 N 1048 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 7 мамырдағы  
N 363 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 117 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"Самұрық" холдингі" АҚ-тың функциялары" деген 3-бөлімде: екінші абзац "Мамандандырылған кеңес қабылдаған" деген сөздерден кейін "Самұрық" холдингі" АҚ-ны дамыту мәселелері жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық" холдингі" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 5-бөлімде:

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бірінші басшылары" деген сөздерден кейін "және өзге де тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын;

"екі жылда" деген сөздер "бір айда" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 286 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"Қазына" АҚ-ның міндеттері" деген 3-бөлімдегі "индустриялық-инновациялық даму саласындағы" деген сөздер "Қазына" АҚ-ны дамыту мәселелері жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Қазына" АҚ-ның арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімнің бірінші абзацта:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бірінші басшылары" деген сөздерден кейін "және өзге де тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын;

"екі жылда" деген сөздер "бір айда" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.**

4. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1247 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 49, 518-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ-ның функциялары" деген 4-бөлімнің екінші абзацында:

"қоғамдар үшін" деген сөздердің алдынан "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ-ны дамыту мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңес қабылдаған шешімдер негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 5-1-бөлімнің бірінші абзацында:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бірінші басшылары" деген сөздерден кейін "және өзге де тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын;

"екі жылда" деген сөздер "бір айда" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 наурыздағы N 192 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"Сарыарқа" ӘКК" ҰК" АҚ-ның міндеттері" деген 3-бөлімнің екінші абзацында "өңірлік" деген сөз алынып тасталсын, "корпорациялар" деген сөз "корпорацияларды дамыту" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Сарыарқа" ӘКК" ҰК" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімде:

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің бірінші басшысы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың басшылары" деген сөздер "Қазақстан

Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау, Индустрия және сауда, Қаржы министрліктерінің және басқа да орталық атқарушы органдардың бірінші басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "екі жылда" деген сөздер "бір айда" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

7

м а м ы р д а ғ ы

№

3 6 3

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 наурыздағы № 194 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 10, 94-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Индустриялық-инновациялық даму саласындағы мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 мамырдағы № 356 қ а у л ы с ы .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы № 818 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 наурыздағы № 194 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 қ а р а ш а д а ғ ы № 1 0 7 9 қ а у л ы с ы .

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қарашадағы № 1114 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 42, 466-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 мамырдағы № 356 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қ а р а ш а д а ғ ы № 1 1 5 0 қ а у л ы с ы .

7. "Ұлттық компаниялар мен акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 наурыздағы № 183 қаулысының 4-тармағы.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК